

**Есіл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 23/2 "2018-2020 жылдарға арналған Есіл қаласының, Красивинский ауылдық округінің бюджеттері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 мамырдағы № 31/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 маусымда № 6677 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 бабының 4 тармағына, 111 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Есіл аудандық мәслихатының "2018-2020 жылдарға арналған Есіл қаласының, Красивинский ауылдық округінің бюджеттері туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 23/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6299 тіркелген, 2018 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Есіл қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 99327 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер 78970 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 9357 мың теңге;

трансферттер түсімі 11000 мың теңге;

2) шығындар 99327 мың теңге;

3) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) (-0) мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 0 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 1-1 тармағымен толықтырылсын:

"1-1. 2018 жылға арналған Есіл қаласының бюджетінде аудандық бюджеттен 7 қосымшаға сәйкес нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес көрсетілген шешімнің 7 қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы

К.Мистриди

Аудандық мәслихат  
хатшысы

С.Ағымбаева

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Есіл ауданының әкімі

Т.Ерсейітов

30 мамыр 2018 жыл

Есіл аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 30 мамырдағы  
№ 31/2 шешіміне  
1 қосымша

Есіл аудандық мәслихатының  
2017 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 23/2 шешіміне  
1 қосымша

## 2018 жылға арналған қалалық бюджет

Санаты				Сома мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атаулар				
1	2	3	4	5
			I. КІРІСТЕР	99 327
1			Салықтық түсімдер	78 970
	1		Табыс салығы	45 372
		2	Жеке табыс салығы	45 372
		4	Меншікке салынатын салықтар	33 598
		1	Мүлікке салынатын салықтар	303
		3	Жер салығы	290
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	33 005
2			Салықтық емес түсімдер	9 357
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	9 357
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	9 357
4			Трансферттер түсімі	11 000
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	11 000
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен түсетін трансферттер	11 000

Функционалдық топ

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сома
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	9 9 327
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 9 352
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 9 352
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 6 759
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 593
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 6 575
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 6 575
		007	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	240
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 7 348,8
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	528
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 8 458,2
12			Көлік және коммуникация	1 3 400
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 3 400
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 3 400
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

Есіл аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 30 мамырдағы  
№ 31/2 шешіміне  
2 қосымша

Есіл аудандық мәслихатының  
2017 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 23/2 шешіміне  
7 қосымша

## 2018 жылға арналған аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер

Атауы	Сома мың теңге
1	2

Барлығы	11 000
Ағымдағы нысаналы трансферттер	11 000
оның ішінде:	
Есіл ауданы Есіл қаласы әкімінің аппараты	11 000
Есіл қаласын абаттандыруға	11 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ